

	2025 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне оқуға қабылдау Ережесі	Нұсқа 17 2025ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ - П - 94 -2025	

БЕКІТЕМІН

Қазтұтынуодағы Қарағанды

университеті қабылдау

комиссиясының төрағасы

профессор

Е.Б.Аймағамбетов

» 18 сәуір 2025 ж.



**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына
Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне оқуға қабылдау
ЕРЕЖЕСІ**

Қазтұтынуодағы ҚарУ - П - 94 -2025

	2025 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне оқуға қабылдау Ережесі	Нұсқа 17 2025ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ - П - 94 -2025	

1. Қолдану саласы

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне (бұдан әрі – Университет) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдаудың осы Ережесі (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының нормаларына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 (өзгерістермен және толықтырулармен) бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелеріне (бұдан әрі – Типтік қабылдау ережелері) сәйкес әзірленген.

Осы Ереже білім беру саласындағы бекітілген Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын қайталамайды.

Құжаттардың тізбесі, құжаттарды қабылдау тәртібі мен мерзімдері және оқуға қабылдаудың Үлгілік ережелерінде белгіленген өзге де шарттары осы Ережелерде қолданылады және оларда жазылмаған.

2. Жалпы қағидалар

Университетке оқуға түсетін тұлғаларды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысын және жоғары білімнің білім беру грантын орналастыру, сондай-ақ білім алушының меншікті қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

Бакалавриатқа ақылы оқуға Қазақстан Республикасының азаматтарын қабылдау тандаған білім беру бағдарламалары бойынша, ҰБТ шекті балынан өту кезінде даярлық бағыттары бойынша жүзеге асырылады. (1-қосымша). Білім алушыларға қатысты нәсілдік, ұлттық, этникалық, діни, жыныстық белгілері бойынша, сондай-ақ әлеуметтік, отбасылық жағдайы, дене мүмкіндіктері, жасы немесе басқа да өлшемдері негізінде кемсітушілікке жол берілмейді.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылданады.

Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар тұлғаларды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша университетке қабылдауды, ақылы

	2025 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне оқуға қабылдау Ережесі	Нұсқа 17 2025ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ - П - 94 -2025	

оқуға түсушілерді тестілеу нәтижелері бойынша университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

Жоғары білімі бар тұлғаларды ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша университетке қабылдауды, тестілеу нәтижелері бойынша университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

Таңдалған білім бағдарламасы бойынша тестілеу жүргізіледі. Тест тапсырмалары 30 сұрақтан тұрады, бір дұрыс жауапты таңдауға болады. Ең жоғарғы бал саны-100. Өтпелі бал 50 балдан кем болмау керек.

Шетел азаматтарын ақылы негізде Университетке оқуға қабылдауды қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Әңгімелесу бекітілген кестеге сәйкес онлайн форматта өткізіледі.

Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ақылы негізде Университетке оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде Университет қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде күнтізбелік жыл ішінде Университетке қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

В005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламалары тобы бойынша оқуға қабылдау шығармашылық емтихандардың нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Он алты жасқа толмаған және жеке басын куәландыратын құжаты жоқ тұлғалар, тууы туралы куәліктің көшірмесін, ата-анасының бірінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін тапсырады.

Университетке түсуші тұлға, университеттің Жарғысымен, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне оқуға қабылдаудың Ережелерімен танысады, жоғары базалық біліммен бакалавр даярлауға білім беру қызметін көрсету шартын жасайды.

	2025 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне оқуға қабылдау Ережесі	Нұсқа 17 2025ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ - П - 94 -2025	

Жоғары базалық білімі бар бакалаврды даярлауға білім беру қызметтерін көрсетуге арналған Шарт жасалады және оқу ақысы университет студенттері қатарына қабылдау туралы бұйрық шыққанға дейін қабылданады

Кәмелетке толмаған тұлғалардың білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шартын жеке куәлігі және туу туралы куәлігі болған кезде ата-аналардың бірі жасайды.

Білімі туралы құжаттың (аттестаттың, дипломның) түпнұсқасы жеке бас куәлігіне сәйкес келуі тиіс.

Құжаттар қабылдауды қабылдау комиссиясы келесі тәсілдердің кез келгені арқылы жүзеге асырады.

- құжаттар қабылдау залында Қарағанды қаласы, Академическая көшесі, 9-да кезек тәртібімен;

- «Электрондық Үкімет» веб-порталы www.egov.kz арқылы электрондық құжаттар түрінде.

Мүгедектер санатына жататын және есту және сөйлеу қабілеті шектеулі және тірек-қимыл жүйесі мүмкіндіктері шектеулі адамдарға медициналық көрсетілімдерге сәйкес университеттің қабылдау комиссиясында құжаттар пакетін қабылдау үшін барлық жағдайлар жасалады.

Талапкер ұсынған құжаттардан мәліметтерді техникалық хатшылар «Платонус» ААЖ - «Талапкер»модуліне енгізіледі.

Қабылдау комиссиясының жұмыс режимі: дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден сағат 18.00 минутқа дейін, түскі үзіліссіз, сенбіде 9.00-ден сағат 17.00 минутқа дейін, жексенбіде сағат 9.00-ден сағат 13.00 минутқа дейін.

Фальсификацияның айқын белгілері (түзетулер, мәтінді өшіру іздері, сапасыз бейнелер және өзге де осыған ұқсас жағдайлар) болған жағдайларды қоспағанда, оқуға түсушілердің құжаттары дұрыстығы тексерілмей жиынтықтылығы бойынша қабылданады.

Құжаттардың толық тізбесі қабылдаудың Үлгілік ережелерінде көрсетілген.

Университет кадрлар даярлауды 2 және 2-а Қосымшаларға сәйкес даярлау бағыттары бойынша жүзеге асырады.

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына құжаттар қабылдау бойынша қызметті үйлестіруді университеттің Қабылдау комиссиясы жүзеге асырады. Университет ректоры Қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады. Қабылдау комиссиясының құрамы университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

3. Шығармашылық емхандар қабылдау және өткізу тәртібі

	2025 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне оқуға қабылдау Ережесі	Нұсқа 17 2025ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ - П - 94 -2025	

В005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламалары тобы бойынша оқуға қабылдау шығармашылық емтихан нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады

Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін университет ректорының бұйрығымен емтихан өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

Комиссия құрамына профессорлық-оқытушылық құрам, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары қатарынан Университет өкілдері кіреді. «Жалпы дамудың пәндік мамандануы бар мұғалімдерді даярлау» даярлау бағыттары бойынша шығармашылық емтихандар жөніндегі комиссияның құрамына бейіні бойынша тиісті білімі бар және мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған адамдар да кіреді.

Комиссия құрамына апелляциялық комиссия мүшелері кірмейді.

Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен комиссия төрағасы сайланады. Комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Комиссияның шешімі шығармашылық емтиханға қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

В005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша түсуші тұлғалар шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін университеттің қабылдау комиссиясына қабылдаудың Үлгілік ережелерінде көрсетілген қажетті құжаттарды ұсынады.

Шығармашылық емтиханды тапсыру үшін түсушілерден өтініштер қабылдау күнтізбелік жылдағы 20 маусымнан 10 тамызға дейін жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылдағы шілденің 7-ші шілдеден 15-тамызға дейін өткізіледі.

Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе ортадан кейінгі білімі туралы құжаттары бар, В005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламалары тобы бойынша түсуші тұлғалар, екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша В005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламалары тобына түсуші тұлғалар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

В005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша түсуші, орта немесе техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білімі бар тұлғалар үшін, Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдары ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша В005 Дене шынықтыру мұғалімдерін

	2025 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне оқуға қабылдау Ережесі	Нұсқа 17 2025ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ - П - 94 -2025	

даярлау білім беру бағдарламалары тобына түсетін тұлғалар үшін арнайы пән – Педагогика және психология негіздері бойынша балдары ескеріледі.

Ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімін көздейтін білім беру бағдарламалары тобы бойынша жоғары білімі бар тұлғаларды Университетке қабылдауды, әңгімелесу (тестілеу) нәтижелері бойынша университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

Мүгедектер қатарынан және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін шығармашылық емтихандар өткізу кезінде (бұдан әрі - денсаулық мүмкіндігі шектеулі адамдар) емтихан тапсыру кезінде университет қызметкерлерінің арасынан ассистенттің немесе денсаулық мүмкіндігі шектеулі оқуға түсушілерге олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті техникалық көмек көрсететін тартылған адамдардың (жұмыс орнын, тапсырманы оқып, рәсімдеу, емтихан тапсыратын адамдармен қарым-қатынас жасау).

Мүмкіндігі шектеулі үміткерлер үшін шығармашылық емтиханның ұзақтығы 1 сағатқа артады.

Мүмкіндігі шектеулі үміткерлерге шығармашылық емтихан өткізу тәртібі туралы ақпарат қолжетімді нысанда беріледі.

Емтихандарды өткізу кезінде денсаулық мүмкіндігі шектеулі адамдардың жеке ерекшеліктеріне байланысты келесі жағдайлар қамтамасыз етіледі:

1) зағиптар үшін:

- емтиханда орындауға арналған тапсырмалар бедерлі-нүктелі Брайль шрифтімен немесе соқырларға арналған арнайы бағдарламалық жасақтамасы бар компьютердің көмегімен қолжетімді электрондық құжат түрінде ресімделеді не ассистент оқиды;

- жазбаша тапсырмалар қағазда бедерлі-нүктелі Брайль шрифтімен немесе соқырларға арналған арнайы бағдарламалық жасақтамасы бар компьютерде орындалады не ассистентке нұсқау беріледі;

- тапсырманы орындау үшін оқуға түсушілерге емтихандарды бетпе-бет өткізген кезде қажет болған жағдайда жазбаша керек-жарақтар жиынтығы және Брайль шрифтімен жазуға арналған қағаз, соқырларға арналған мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуі бар компьютер ұсынылады;

2) Нашар көретіндерге арналған:

- кем дегенде 300 ЛЮкс жеке біркелкі жарықтандыру қамтамасыз етіледі;

- тапсырманы орындау үшін түсушілерге қажет болған жағдайда үлкейту құрылғысы беріледі, сонымен қатар өзінің үлкейту құрылғыларын пайдалануға болады;

- орындауға арналған тапсырмалар, сондай-ақ емтиханды өткізу тәртібі жөніндегі нұсқаулық үлкейтілген қаріппен ресімделеді;

3) саңырау және нашар еститіндер үшін:

- ұжымдық пайдаланудағы дыбыс күшейту аппаратурасының болуы қамтамасыз етіледі, қажет болған жағдайда түсушілерге жеке пайдаланудағы

	2025 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне оқуға қабылдау Ережесі	Нұсқа 17 2025ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ - П - 94 -2025	

дыбыс күшейту аппаратурасы ұсынылады; сурдоаудармашының қызметтері ұсынылады;

4) саңыраусоқырлар үшін тифлосурдоаудармашы қызметтері ұсынылады (тиісінше соқырлар мен саңыраулар үшін орындалатын талаптардан басқа);

5) тірек-қимыл аппараты бұзылған, жоғарғы аяқ-қолдардың қозғалыс функциялары бұзылған немесе жоғарғы аяқ-қолдары жоқ адамдар үшін жазбаша тапсырмалар мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етумен компьютерде орындалады немесе ассистентке нұсқау беріледі.

Осы Қағидалардың тармақтарында жоғарыда көрсетілген шарттар оқуға түсушілерге оның мүгедектігіне немесе денсаулығының шектеулі мүмкіндіктеріне байланысты шығармашылық емтихандар өткізу кезінде оқуға түсуші үшін арнайы жағдайлар жасау қажеттілігі туралы мәліметтерді қамтитын өтініштің және көрсетілген жағдайлар жасауды талап ететін мүгедектікті немесе денсаулығының шектеулі мүмкіндіктерін растайтын құжаттың негізінде ұсынылады.

Шығармашылық емтихандар өткізу бағдарламалары Университетпен әзірленеді және оны Университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Шығармашылық емтихандар кестесін (емтихан өткізу нысаны, өткізетін күні, уақыты және орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттар қабылдау басталғанға дейіннен кешіктірілмей түсушілердің назарына жеткізіледі және Университеттің ресми сайтында жарияланады.

Шығармашылық емтихандар өтетін аудиторияға (бөлмеге) түсушілер жеке басын куәландыратын құжаттарын көрсеткен кезде жіберіледі.

Бұл ретте шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазумен жарактандырылған аудиторияларда (бөлмелерде) өткізіледі.

Шығармашылық емтихандар басталғанға дейін түсушілерге емтихан материалы беріледі және титулдық беттерді ресімдеуге қойылатын тәртіп түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтихандардың басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді хабарлау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру тәртібі көрсетіледі.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік ортадан кейінгі білімі туралы құжаттары бар түсушілер үшін шығармашылық емтихандар, 50-балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқу мерзімін көздейтін, жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілер үшін шығармашылық емтихан, 20-балдық жүйе бойынша бағаланады.

Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомосімен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның

	2025 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне оқуға қабылдау Ережесі	Нұсқа 17 2025ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ - П - 94 -2025	

орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

Шығармашылық емтихандар нәтижелері емтихан өткен күні жарияланады.

Емтихандарды өткізу кезеңінде шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсырушы адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында, университеттің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен құрамы төрағасын қоса алғанда, тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі береді, шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылдайды және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды

Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қоятын, хаттамамен ресімделеді.

Университет шығармашылық емтихан аяқталған күні республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) университетке ақылы оқуға қабылдау үшін оқуға түсушілердің шығармашылық емтиханының нәтижелерін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

4. Магистратураға және докторантураға түсушілерді оқуға қабылдау тәртібі.

Университет магистранттары мен докторанттарының контингентін қалыптастыру ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқытуға ақы төлеу, сондай-ақ жергілікті бюджет қаражаты есебінен магистратураның мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша гранттар арқылы жүзеге асырылады.

Университеттің магистратурасына және докторантурасына, оның ішінде нысаналы даярлық бойынша қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі - КТ)

	2025 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне оқуға қабылдау Ережесі	Нұсқа 17 2025ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ - П - 94 -2025	

немесе түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Шетелдіктерді магистратура мен докторантураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде жоғары оқу орнынан кейінгі тегін білім алуы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалады.

Шетелдік азаматтарды ақылы негізде оқуға қабылдау әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Шетелдік азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызметті өткерген адамдарды бейінді магистратураға ақылы негізде мерзімді әскери қызметті өткергеннен кейін үш жыл ішінде қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Кешенді тестілеуге қатысу үшін магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы ҰТО мынадай мерзімдерде жүргізеді:

- 1) күнтізбелік жылдың 1 маусымынан 8 шілдесіне дейін;
- 2) күнтізбелік жылдың 28 қазанынан 10 қарашасына дейін.

Магистратураға түсушілер үшін кешенді тестілеу мынадай мерзімдерде жүргізіледі:

- 1) күнтізбелік жылдың 20 шілдесінен 10 тамызына дейін;
- 2) күнтізбелік жылдың 19 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін.

Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдар қабылданады.

Магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білім беру бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда, алдыңғы деңгейдегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады; магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білімнің білім беру бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда магистратураға түсушіге ақылы негізде игеру үшін Пререквизиттер белгіленеді.

Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және ЖОО-ның 3 (үшеуіне) дейін көрсетеді.

Магистратураға түсетін адамдар шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат болған кезде, Үлгілік қағидалардың 1-2-

	2025 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне оқуға қабылдау Ережесі	Нұсқа 17 2025ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ - П - 94 -2025	

қосымшасына сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес, мынадай тілдер бойынша шет тілі блогынан өз қалауы бойынша босатылады:

– ағылшын: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test);

– неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang, TestDaF-Prüfung;

– француз тілі: TFI (Test de Franais International™), DELF (Diplome d'Etudes en Langue française), DALF (Diplome Approfondi de Langue française), TCF (Test de connaissance du français).

Университеттің докторантурасына өтініштерді қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы мынадай мерзімдерде жүргізеді:

1) күнтізбелік жылдың 3 шілдесінен 3 тамызына дейін;

2) күнтізбелік жылдың 25 қазанынан 10 қарашасына дейін.

Докторантураға білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандары келесі мерзімдерде өткізіледі:

1) күнтізбелік жылдың 4 тамызынан 20 тамызына дейін;

2) күнтізбелік жылдың 19 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін.

Докторантураға «магистр» дәрежесі, кемінде 9 (тоғыз) ай жұмыс өтілі бар адамдар қабылданады (ЗТМО-дан үзінді көшірмемен расталады).

PhD докторантураға бейінді бағыттағы магистр түскен кезде оған ғылыми-педагогикалық магистратураның педагогикалық бейінінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламасы Пререквизиттер ретінде қосымша белгіленеді.

Докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда, алдыңғы білім беру деңгейінің Оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады; докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда докторантураға түсушіге ақылы негізде оларды игеру үшін Пререквизиттер белгіленеді.

Докторантураға түсуші тұлғалар университеттің қабылдау комиссиясына келесі құжаттар пакетін тапсырады:

1) ректордың атына өтініш;

2) білімі туралы құжат (түпнұсқа, қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсырған кезде);

3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);

4) ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсыру туралы ресми сертификат (ҚАЗТЕСТ);

	2025 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне оқуға қабылдау Ережесі	Нұсқа 17 2025ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ - П - 94 -2025	

5) шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың қағаз түпнұсқасы:

– ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл – кемінде 5,0; TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл – кемінде 35; TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл-кемінде 417; TOEIC (Test of English for International Communication), шекті балл – кемінде 550; Duolingo English Test, шекті балл – кемінде 80;

– неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang Niveau B1 (DSH, Niveau B1) (ДЙСИЭИЧ, ниво B1) - кемінде B1; TestDaF-Prüfung Niveau B1 (TDF Niveau B1) (ТЙДИЭФ, ниво B1) - кемінде B1;

– француз тілі: Test de Français International (TFI) (ТФИ) – кемінде B1 оқу және тыңдау секциялары бойынша; Diplome d’Etudes en Langue français (DELF) (ДЭЛФ) - кемінде B1; Diplome Approfondi de Langue français (DALF) (ДАЛФ) - кемінде B1; Test de connaissance du français (TCF) (ТЦФ) – кемінде B1.

5) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген Электрондық форматтағы 075/У нысаны бойынша Медициналық анықтама.

6) өлшемі 3x4 сантиметр болатын алты фотосурет;

7) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған еңбек қызметін растайтын өзге де құжат;

8) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдардың тізімі (бар болған жағдайда), зерттеу жүргізу жоспары және эссе.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесі ұсынылған кезде қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

Сертификаты бар адамдар (TOEFL IBT (test of English as a Foreign language Institutional Testing Program) докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге қосымша тестілеуден өтеді.

Ағылшын тілін білуге қосымша тестілеуді білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда ҰТО жүргізеді. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең көп ұпай саны-100 ұпай. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу «қабылдау» немесе «қабылдау» нысанында бағаланады. «Рұқсат» бағасын алу үшін кемінде 75 балл жинау керек. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсыру күні, уақыты мен орны оқуға түсушілердің назарына олардың жеке кабинеті арқылы жеткізіледі.

Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша нысаналы даярлық шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға үміткер тұлғалар үшін өтініштерді (еркін нысанда) қабылдауды университеттің ҚК жүзеге асырады. Бұл ретте докторантураға нысаналы

	2025 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне оқуға қабылдау Ережесі	Нұсқа 17 2025ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ - П - 94 -2025	

даярлық шеңберінде түсетін адамдар оны жіберуші ұйымнан қосымша ұсыным хат ұсынады.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік жоғары немесе жоғары оқудан кейінгі (бұдан әрі – ЖЖЖОКБҰ) аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізімдеріне және (немесе) қауымдастықтарына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредиттеуі бар адамдар 5 жыл ішінде шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды. жоғарыда көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттерімен (стандарттарымен).

Магистратура мен докторантураға түсушілер үшін кешенді тестілеуді тапсыру тәртібі мен талаптары Типтік қабылдау ережелерімен және Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларымен регламенттеледі.

Магистратураға және докторантураға қабылдау мынадай мерзімдерде жүргізіледі:

- 1) күнтізбелік жылдың 15 тамызынан 28 тамызына дейін;
- 2) күнтізбелік жылдың 26 желтоқсанынан 10 қаңтарына дейін.

Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың бірі бар адамдар ғылыми-педагогикалық магистратураға КТ шет тілі бойынша тесттен босатылады. Сертификаттар тізбесі және ең төменгі шекті балл Үлгілік қағидалармен айқындалады.

IELTS бағдарламасы бойынша тест тапсыру туралы сертификаттардың түпнұсқалығын университеттің көптілді білім беру орталығының қызметкері <https://www.britishcouncil.kz> сайтында тексереді, TOEFL бағдарламасы бойынша [toeflverify@ets.org/](mailto:toeflverify@ets.org) e-mail сұранысы арқылы.

Халықаралық сертификат белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда магистратураға және докторантураға түсушілердің түсу емтихандарының нәтижелері жойылады. Мерзімі өткен сертификаттар жарамсыз болып табылады.

Бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша магистратураның білім беру бағдарламаларына қабылдау Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті және серіктес ЖОО арасындағы келісіммен реттеледі.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен танылады немесе нострификацияланады. Шет тіліндегі құжаттар нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар 1 (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде адамдарды қабылдағаннан кейін Қазақстан

	2025 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне оқуға қабылдау Ережесі	Нұсқа 17 2025ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ - П - 94 -2025	

Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

Докторантураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

- 1) түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының таңдаулы тобының мәселелері бойынша консультация беру, түсу емтиханының рәсімімен танысу;
- 2) түсушілердің құжаттарын қабылдауды және тексеруді ұйымдастыру;
- 3) білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханын өткізуді ұйымдастыру.

Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

- 1) түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының таңдаулы тобының мәселелері бойынша консультация беру, КТ және/немесе түсу (шығармашылық) емтиханының рәсімімен танысу;
- 2) түсушілердің құжаттарын қабылдауды және тексеруді ұйымдастыру.

5. Университеттің магистратурасы мен докторантурасына қабылдау тәртібі

